

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ**  
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ**  
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

---

**№ 2 (2023)**

**ПАВЛОДАР**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ**  
**Торайгыров университета**

**Педагогическая серия**  
выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

о постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания  
№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области педагогики,  
психологии и методики преподавания

**Подписной индекс – 76137**

<https://doi.org/10.48081/LQYE2220>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Аубакирова Р. Ж.

*д.п.н. РФ, к.п.н. РК, профессор*

Заместитель главного редактора

Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*

Ответственный секретарь

Антикеева С. К., *PhD доктор*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Мағауова А. С.,

*д.п.н., профессор*

Бекмағамбетова Р. К.,

*д.п.н., профессор*

Фоминых Н. Ю.,

*д.п.н., профессор (Российская Федерация)*

Снопкова Е. И.,

*к.п.н., профессор (Республика Беларусь)*

Костюнина А. А.,

*к.п.н., доцент (Республика Алтай)*

Оспанова Н. Н.,

*к.п.н., доцент*

Куанышева Б. Т.

*доктор PhD*

Омарова А. Р.,

*технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

FTAMP 14.25.07

<https://doi.org/10.48081/DQPC8271>**\*Ж. К. Сағалиева<sup>1</sup>, Б. К. Сақтағанов<sup>2</sup>**<sup>1</sup>ҚР Оқу-ағарту министрлігі «Балаларды дамыту институты» РММ,  
Қазақстан Республикасы, Астана қ.;<sup>2</sup>ҚР Оқу-ағарту министрлігі Б. Алтынсарин атындағы

Ұлттық білім академиясы,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

e-mail: [\\*leupaevazhanar@mail.ru](mailto:*leupaevazhanar@mail.ru)

## **АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІКТЕ БІЛІМ АЛУШЫ ЖЕКЕ ТҰЛФАСЫН ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ, ЖАҒДАЙЛАРЫ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ**

Мақалада «цифрлық қоғамның» қазіргі заманғы қоғамдық даму және жаңа қоғамдық қатынастарды қалыптастыру кезеңіндегі өмірдің барлық сфераларына едеуір ықпал ететіні және әлем дамуының қазіргі кезеңінде адамдар іс-әрекеті сандық деңгейге ауысып, білім алу мүмкіндіктері белгілі бір ақпарат көздеріне сай құрылып, аз уақыт бірлігінде жаңа ақпараттар жинақтау мәселелері қарастырылған. Білім беру жүйесінің цифрландыруға көшуі мемлекеттік, саяси-экономикалық, қоғамдық және тұлғааралық қарым-қатынастардың дамуының негізгі тұғыры ретінде – қоғам және қоғамдық қарым-қатынастарды бәсекелестікке қабілетті дамыту жүйесіндегі тың технология болатындығын көрсетеді. Қазір білім беру сферасы дәстүрлі оқыту мен тәрбие беру формалары – жинақтаған, сақталған, өңделген ақпаратқа көшіп, ақпараттық кеңістікте «тұтыну өнімі» жаңаша форматта ұсынылуда. Бұл цифрландыру процесі оқыту мен тәрбие жүйесінде жаңа құзыреттіліктерді қалыптастыруға оң әсер ете отырып, адамның оқыту мен тәрбиеге деген көзқарастарының өзгеруіне, педагогикалық процесі ұйымдастыру мүмкіндіктерінің жаңа жағдайларының ұсынылуына әкелді. Қазіргі білім беру жүйесіне қоғамның қажеттілігі мен талаптарына сай ақпараттық коммуникациялық технологияларды енгізіп, оқыту мен тәрбиенің жаңа форматын құру туралы мәселе қойылып, осы бағыттағы зерттеулердің шектеулігі анықталып, оған деген сұраныстың артқандығы байқалады. Зерттеудің жаңалығы: Цифрлық педагогиканың жаңашылдық сипатын

*ескеріп, ақпараттық кеңістікте жеке тұлғаны дамытудың теориялық, әдіснамалық негіздері зерттеліп, жалпы орта білім беру саласын қайта құру үшін тұлғаны ақпараттық кеңістікте дамыту мәселесі, мүмкіндіктері мен жағдайлары зерделенді. Практикалық маңыздылығы: зерделенген мәселе жалпы орта білім беру жүйесінде білім алушының жеке тұлғасын ақпараттық кеңістікте дамытудың маңызын көрсете отырып, қолданыстағы білім көздерін толықтырады.*

*Кілтті сөздер: ақпараттық кеңістік, білім алушы, жеке тұлға, дамыту, орта мектеп, мұғалімдер.*

### **Кіріспе**

Зерттеудің өзектілігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №827 қаулысымен бекітілген «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы білім беру жүйесінен ақпараттық кеңістікке трансформациялану жағдайында жан-жақты дамыған, өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруға қабілетті қоғам мүшесін қалыптастырумен байланысты [1].

Сондай-ақ, елімізде цифрландыру сферасындағы саясатты жүзеге асыру ел азаматтарының *ақпараттық сауаттылық* туралы білімін арттыруға мүмкіндік берсе, білім мен тәрбие беру процесін цифрландыру арқылы ақпараттық кеңістікте ену, ондағы ақпарат көздерімен алмасу мен қолдану арқылы қоғамдағы жеке тұлға өлеуетінің дамуына, тәрбиеленуіне ықпал ету мәселесі, мүмкіндіктері мен жағдайлары қарастырылады [2].

Зерттеуде көтерілген мәселеге орай келесі сұрақтар қанағаттандырылуы керек: ақпараттық кеңістікте білім алушы жеке тұлғасын дамыту мәселелері ғылыми тұрғыда жүйеленді ме? Ғылыми ортада зерттеуге байланысты туындаған мәселе жеткілікті дәрежеде өз шешімін тапты ма? Мәселе қатысты қазіргі ғылыми әдебиеттерде, ақпарат кеңістігінде жасалған шолу қазақстандық, жақын шетелде жеткілікті зерттелмегені анықталды. Жинақталған білім көздері ғылыми мақала, мектеп педагогтерінің жеке тәжірибесі, әдістемелік семинарлар мен жанама зерттеулерге арналғанын көрсетті [3; 4].

Зерттеудің мақсаты: ақпараттық кеңістікте білім алушылардың жеке тұлғасын дамытудың теориялық-әдіснамалық тұрғыда негізделуі мен ғылыми-әдістемесін жасау үшін зерттеу мәселелерін анықтау, мүмкіндіктерін зерделеу мен жағдайларын талдау керек.

### **Материалдар мен әдістер**

Қазіргі кезеңде педагогикалық, психологиялық ақпарат көздерінде *«білім беру кеңістігі»*, *«ақпараттық кеңістік»* ұғымдары жиі кездеседі. Ұғымдар мәні мақсаты мен атқаратын функциясымен сай нақтылауды талап етеді [2].

*Білім беру кеңістігі* – әдетте білім беру мақсаттарына жету үшін білімдерді игертетін орта деп түсіндіреді.

Ғылыми әдебиеттерде білім беру ортасы әлеуметтік-мәдени ортаның бір бөлігі ретінде де қарастырылып, тәрбие институттарының мақсаттарына сай бағытталған бос уақыт өткізу, мәдени, клубтық, ғылыми-өндірістік және басқа да бірлестіктермен кооперациялау ретінде қарастырылу мүмкіндіктері жеткілікті.

Сонымен бірге цифрлық педагогикада әр жеке тұлғаның білім кеңістігі – оны қоршаған орта ғана емес, сонымен қатар білім алу іс-әрекеті барысында қарым-қатынас жасайтын немесе өзара әрекеттесетін ортасы деген де анықтамалар бар.

Жалпы, цифрлық педагогиканың ұғымдық аппараты нақтылану процесінде болғандықтан, *цифрлық білім беру кеңістігі* – үздіксіз дамитын, жеке тұлғаны даму формалары мен білім беру мүмкіндіктері ажырамайтын жүйе ретінде қарастырамыз. Осы «*білім беру кеңістігі*» ұғымымен қатар «*ақпараттық кеңістік*» ұғымы қолданыста.

*Ұғымдардың ғылымда тұрақтану кезеңдеріне сай «ақпараттық кеңістік» ұғымы мәні «цифрлық білім беру кеңістігі» ұғымына қарағанда ертерек нақтыланған, тұрақталған.*

Салыстырмалы түрде «ақпараттық кеңістік» ұғымы әлде қалай кең мағынада қолданылады, ол әр индивидтің жеке тәжірибесіндегі *жеке білім мен тәрбие алу кеңістігі* де болып табылады. Ал «*цифрлық білім беру кеңістігі*» нақты білім негіздерін алумен шарттасады.

*«Ақпараттық кеңістік» пен «цифрлық білім беру кеңістігі» ұғымдарын ерекшеліктері болғанмен мәндес, балама ұғымдар ретінде қарастыра отырып, зерттеуіміздің пәніне сай ақпараттық кеңістікте білім алушы тұлғасын дамытудың мәселелерін, мүмкіндіктері мен жағдайларын қарастырамыз.*

Біздің көзқарасымыз бойынша, ақпараттық кеңістікте *жеке тұлғаны дамытудың мақсаты, оның психологиялық-педагогикалық шарттарының жүзеге асуымен сипатталады:*

- жеке тұлғаның дара (дүниетанымы, ұстанымдары, бағыттары мен шынайылықтары) *психикалық үдерістерін дамыту;*
- қазіргі цифрлық заманға сәйкес креативті *тұлғаға қажетті ерекшеліктері қалыптастыру [2].*

Қазіргі білім беру мекемелері осы мақсатты жүзеге асыру үшін «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына сай білім алушы жеке тұлғасының жан-жақты үйлесімді дамуын қамтамасыз етуі қажет:

- әр жеке тұлғаның сұранысын қанағаттандыру, *тұлғалық қабілеттерді, қажеттіліктері мен қызығушылықтарын ескеру;*

– ақпараттық кеңістікте орныққан қағидалар шеңберінде оқу мен тәрбиенің жаңа үлгілерін ұсыну [5].

Ол байланыстар сыртқы (қоғамдық), ішкі (жеке тұлғаның) сұраныстар неғұрлым тез өзгерсе, ғаламтор жүйесіндегі байланыс сферасы жылдам өзгереді. Шамамен екі жыл ішінде ақпараттық технологиялар саласындағы жылдам өзгерістерге төтеп бере алмай «платформалар» үнемі өзгеріп, дамып отыратынын ескерсек, «түрлі қызығушылыққа байланысты құрылған ғаламтордағы топтар» тұрақты болмауына байланысты жеке тұлғаны дамуына *әсері уақытша сипатта болуымен ерекшеленеді*.

Осындай желілік өзара әрекеттесу арқылы жеке тұлғаның *дербес психикалық процестері мен тұлғалық қасиеттердің дамуына тұрақты әсер етпеуі* – мәселе туындатады.

Сондай-ақ, ақпараттық кеңістік – бұл даму процесінің түрлі міндеттерін қамтамасыз етуге арналған ашық ақпарат жүйесі ретінде *алынатын ақпараттың нақтылығы мен шынайылығын, жастық ерекшелігіне сай болуы мен пайдасын сараптау мен желілік әрекеттесуді педагогикалық тұрғыдан сүйемелдеудің мүмкін еместігі* – күрмеулі мәселенің тууына әкеледі.

Білім алушы ақпарат кеңістігінен қажет ақпарат алып, оны өзімен қызығушылығы ұқсас жеке тұлғалармен талдайды, кеңес алады. Жеке тұлғаның дамуы топ белсенділігіне байланысты, егер жағымды ықпал – шығармашылық дамуына әсер етеді.

*Сондықтан, педагогика саласындағы ұжым теориясы ақпараттық кеңістікте тұлғаны дамыту мен қалыптастыру туралы жаңа теориялармен толығуы қажет.*

### **Нәтижелер және талқылау**

*Қазіргі жағдайда педагогика мен психология саласындағы зерттеушілер алдында* ақпараттық кеңістікте оқушы тұлғасын педагогикалық тұрғыда арнайы дамытуға байланысты жаңа теориялармен қамтамасыз ету *мәселесін шешу* кезек күттірмейді.

Білім алушы жеке тұлғасын ақпараттық кеңістікте дамыту жағдайына талдау жасай отырып, бұл бағыттағы күтілетін нәтижелер ұсынылады:

– ақпараттық коммуникациялық технология мүмкіндіктерін пайдалана отырып, тәрбие жұмысын модернизациялау;

– тәрбие жұмысын модернизациялауда бала тәрбиесінің ізгіліктік тұғырын ұстану;

– білім алушылардың жеке қызығушылығына сай тәуелсіздігін, зерттеушілігін, қызығушылығын арттыруға бағытталған ақпараттық кеңістіктің тәрбие амалдарын қолдану;

– ақпараттық коммуникациялық технология мүмкіндіктерін пайдалана отырып, мектептегі және мектептен тыс уақыттағы оқыту мен тәрбиелеуді;

– ақпараттық коммуникациялық технология мүмкіндіктерін пайдалана отырып, тәжірибелік-эксперименттік іс-әрекеттерді жүзеге асыру.

Ақпараттық кеңістікте білім алушы тұлғасын педагогикалық тұрғыда арнайы дамытуға байланысты мәселені талдай келе білім алушылардың тұлғасын дамыту үшін оларда келесі құзырлылықтарды қалыптастыру маңызды екенін атап өтеміз.

Егер, «құзырлылық – білім алушының міндеттерін сезінуі, жүзеге асыра алуы», десек, педагогтер білім алушы жеке тұлғасының дербес қызығушылығын қанағаттандыру үшін ізденімпаздыққа, енбекқорлыққа тәрбиеленуіне ықпал етуі және арнайы жұмыстарды ұйымдастыруы керек.

Ақпараттық кеңістікте білім алушы жеке тұлғасының дамуы үшін келесі құзырлықтары қалыптасуы маңызды: *ақпараттық, коммуникативтік, әлеуметтік-қызмет, жеке тұлғалық өзін-өзі жетілдіру немесе өзін-өзі тәрбиелеу.*

*Аталған құзырлылықтар білім алушының* ақпаратты талдау, саралау, сараптау, сақтау және оны тарата білуі; үш тілді еркін меңгеруі арқылы ақпараттық кеңістікте сұрақ қою, өтініш білдіру, пікірталасқа қатыса білуі; ақпараттық кеңістікте әлеуметтік түрлі рөлдерді атқара алуы; өзін-өзі реттеуі мен жүзеге асыра алуы; өзінің тұлғалық қасиеттері мен сапаларын дамытуы; ойлау ұшқырлығы мен мобильдігін дамытуы; ақпараттық кеңістікте мінез-құлық мәдениеті мен ондағы әдепті сақтауы; өзін-өзі рухани және интеллектуалдық дамыту әдіс-тәсілдерін меңгеруі.

Ақпараттық кеңістікте білім алушы тұлғасында мотивациялық, ізденушілік, зерттеушілік, ақпаратты талдау, саралау, сараптау, рефлексиялық әрекеттер қалыптасуы керек.

Аталған әрекеттердің білім алушы жеке тұлғасында дамыту үшін келесі жұмыс бағыттары қарастырылады:

1) Білім алушының оқу пәндерінен үй тапсырмасын, логикалық тапсырмаларды орындау немесе тәжірибелік, зертханалық сабақтарға, пәндік олимпиадаларға, жобалық сайыстарға, бөлім немесе тоқсан бойынша бақылауға, оқу пәнінен сыныптан тыс жұмыстарға дайындалу кезінде (*реферат жазу, баяндамалар мен презентациялар әзірлеу, тапсырмалар мен жаттығулар орындау, тесттен өту, ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеп, оқу материалдарын іріктеу*);

2) Білім алушының тәрбие бағыттарына сай сынып сағаттарына, мектепшілік, мектептен тыс, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі тәрбие іс-шараларына, спорттық жарыстарға

дайындалу кезінде (пікірталас, іскерлік, рөлдік ойындар, кейс, бейне-эпизодтар түсіргенде т.б.);

Ақпараттық кеңістікке сайттармен жұмыс, электрондық кітапханаларға тіркелу, түрлі қызығушылыққа байланысты топтармен байланыс орнату, ақпарат алмасу, кеңес алу әрекеттері білім алушы тұлғасында келесі сапалар мен қасиеттер дамиды: *еңбек сүйгіштікке, шыдамдылық және мақсаттылыққа, іздемпаздыққа, мобильді болуға, ынтымақтың артуына, оқуға, ізденуге құштар болуға, жаңалықтарды үйренуге, ақпараттарды сараптауға, құруға, баға беруге, жұмысты жоспарлау, жүзеге асыруға, туындаған мәселені шешуге үнемі дайын болуға тәрбиеленіп, тұлғалық қасиеттері дамып, тұлғалық сапалары артады.*

Ақпараттық кеңістікте түрлі қызығушылыққа байланысты топтармен байланыс орнату, ақпарат алмасу, кеңес алу әрекеттері арқылы білім алушы тұлғасына да күшті даму процестерінің жүретінін дәлелдейді. Ақпараттық кеңістіктегі топтардың ішкі талаптары, шарттары жеке тұлғаның қалыптасуына әсер етеді.

Сонымен бірге *ақпараттық, коммуникативтік, әлеуметтік-қызмет, жеке тұлғалық өзін-өзі жетілдіру немесе өзін-өзі тәрбиелеу құзырлылықтары қалыптасуына әсер етеді.*

Ақпараттық кеңістікте білім алушы тұлғасын дамыту үшін, олардың мотивациялық, ізденушілік, зерттеушілік, ақпаратты талдау, саралау, сараптау, рефлексиялық әрекеттерін дамыту *ақпараттық, коммуникативтік, әлеуметтік-қызмет, жеке тұлғалық өзін-өзі жетілдіру немесе өзін-өзі тәрбиелеу құзырлылықтары қалыптасуы үшін, орта білім беру мекемелерінде ұйымдастыруға мүмкін іс-шаралар үлгісін 1-кестеде ұсынамыз.*

Кесте 1 – Ақпараттық кеңістікте білім алушы тұлғасын дамыту үшін ұйымдастыратын іс-шаралар үлгісі

Жұмыс түрлері	Оқушы әрекеті	Педагог әрекеті	Нәтижесі
Глоссарий	Терминдер мен негізгі ұғымдарға анықтама немесе түсініктеме беру, ақпарат көздерімен танысу (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде);	1) нақты қандай терминдер мен негізгі ұғымдарға анықтама немесе түсініктеме беруге байланысты тапсырма даярлайды; 2) сыныптан тыс онлайн іс-шара ұйымдастыруға болады (мысалы: «Брейн-ринг», «Полиглот»).	білім алушының танымы мен тілдерді меңгеруге мотивациясы пайда болып, коммуникативтік қүзырлығы қалыптасады.



Жоба	Ақпараттық кеңістік мүмкіндігін пайдалана отырып оқулықтар мен ғылыми әдебиеттерге шолу жасау арқылы пән мазмұнына немесе тәрбие сағатының нақты бағытына байланысты, мәселені шешу үшін жоба ұсынады.	Жобаның нақты мәселесі мен тақырыбын анықтайды, жоспарлау мен орындауға онлайн кеңес береді; Онлайн жобалар сайысын ұйымдастыру; Білім алушылардың санына байланысты топтық, массалық түрде ұйымдастыра алады.	білім алушының танымы мен зерттеуге мотивациясы пайда болып, ақпараттық, коммуникативтік, өзін-өзі жетілдіру құзырлығы қалыптасады.
Топтық жоба	Топта 3-5 білім алушы болуы шарт; Ақпараттық кеңістік мүмкіндігін пайдалана отырып оқулықтар мен ғылыми әдебиеттерге шолу жасау арқылы пән мазмұнына немесе тәрбие сағатының нақты бағытына байланысты топ мәселені шешу үшін жоба ұсынады.	1) Жобаның нақты мәселесі мен тақырыбын анықтайды, жоспарлау мен орындауға онлайн кеңес береді; Онлайн жобалар сайысы немесе конференция түрінде ұйымдастыруға болады;	Білім алушылардың ұжымдық әрекеті, ұжым арқылы тәрбиелену, танымы мен зерттеуге мотивациялары пайда болып, әркім өзін сынап алады, ақпараттық, коммуникативтік, өзін-өзі жетілдіру құзырлықтары қалыптасады
Коллоквиум	Ақпарат көздеріне кіріп берілген сұрақтарға жауаптар дайындап, оларды негіздейді, білім алушылармен онлайн қарым-қатынасқа түсіп, кеңеседі.	1) Қоғамдық-гуманитарлық пәндердің білім немесе тоқсан бойынша жиынтық бағалауда түрі ретінде ұйымдастыруға болады; 2) Онлайн пікірталасты арнайы платформаларды іс-шаралар ретінде ұйымдастыруға болады.	Пән бөлімдері немесе тоқсан бойынша білім, білік, дағдысын сынауға мүмкіндік туады; Ақпараттық, коммуникативтік, әлеуметтік-қызмет, жеке тұлғалық өзін-өзі жетілдіру немесе өзін-өзі тәрбиелеу құзырлықтары қалыптасады.

Эссе	Ақпарат көздеріне шолу жасау арқылы өзекті мәселелерге түсінігі, қабылдауы, ойы, сыни көзқарасын білдіру, көзқарасын негіздеу, дәлелдеу;	1) Сынып сағат-тарының тақырыбына байланысты, даталы мерекелерге, батырлардың ерлігі, мәдениеттілік және т.б. байланысты эссе тақырыбын анықтайды, орындауға онлайн кеңес береді; 2) онлайн тәрбие жұмысының формасы ретінде ұйымдастыруға болады; 3) бірнеше сынып білім алушыларын, арнайы қонақ шақыртып, эссе мазмұнын талдауға болады.	Білім алушылардың ұжымдық әрекеті, ұжым арқылы тәрбиелену, өзіндік көзқарасы қалыптасады, ойын тұжырымдауға үйренеді, әркім өзін сынай алады, ақпараттық, коммуникативтік, өзін-өзі жетілдіру құзырлықтары қалыптасады
Ескерту: Іс-шаралар мен тапсырмаларды түрлендіруге, күрделендіріп, деңгейлеуге, бағалау критерийлерін құруға болады.			

Жоғарыдағы кестеде ұсынған үлгілерге ұқсас педагогтер, ақпараттық құралдардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алушылармен сыныптан тыс іс-шаралар түрлерін ұйымдастыруына болады. Ол үшін мұғалім өзінің педагогикалық дәстүрлі әрекетін ақпараттық коммуникациялық технология мен ақпараттық кеңістік мүмкіндіктерін пайдалануға бейіндеуі керек.

Сонымен бірге, білім алушыларды жеке тұлға ретінде дамыту оның білім алу іс-әрекетін, оқудан тыс іс-әрекетін педагогикалық қолдау қажет. Егер, білім алушы іс-әрекеті қажетті, дұрыс қолдау тапса, онда ақпараттық кеңістікте білім алушының жеке тұлғасын дамытуға болады деген қорытындыға келеміз.

Зерттеу мәселесі күрделі, көп бағытты, көп қырлылығын ескеріп, қазақстандық зерттеушілер ақпараттық кеңістікте білім алушылардың жеке тұлғасын дамытудың теориялық-әдіснамалық тұрғыда негізделуі, ғылыми-әдістемесін ұсынуы арқылы цифрлық педагогиканың жаңа ғылыми бағыт ретінде бекуіне ықпал етулері керек.

## Қорытынды

Ақпараттық кеңістікте білім алушы тұлғасын дамыту мәселесі келесі нәтижелер бойынша мынадай қорытындылар тұжырымдалды:

– білім алушылар жеке тұлғасын дәстүрлі білім мен тәрбие беру ортасынан ақпараттық кеңістікте дамытуды педагогикалық бағыттау мәселесі білім мен тәрбиелеу саласы үшін күрделі міндет екені анықталды;

– білім алушылар жеке тұлғасын дәстүрлі білім мен тәрбие беру ортасынан ақпараттық кеңістікте дамыту жүйесіз жағдайда жүзеге асып жатқаны анықталды (нормативтік-құқықтық базаның, инфрақұрылымның, ғылыми-әдіснамалық дайындықтың жүйелі зерттеуді қажет ететіндігі анықталды).

Қазақстанда педагогикалық жоғары оқу орнындағы зерттеушілер мәселені түбегейлі зерттеп, оның теориялық-әдіснамалық тұрғыда негізделуі мен ғылыми-әдістемесін жасау керектігі нақтыланды. Зерттеу мәселесіне байланысты әртүрлі іс-шаралардың тәжірибелік тиімділігін ұғыну үшін басқа шетел ғалымдарының ғылыми зерттеулерімен салыстырып, ортақ ғылыми білімдер қалыптасуы керектігі байқалды.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысымен бекітілген «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы [Электрондық ресурс]. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>

2 Сағалиева, Ж. К. және т.б. Білім беру кеңістігіндегі цифрлық педагогика [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.zhezu.kz/index.php/ru/2016-10-30-18-36-35/2020-12-31-10-04-02>

3 Толеуханова, А. Как пандемия повлияет на образование в Казахстане и других странах Центральной Азии? [Электрондық ресурс]. – URL: <https://doi.org/10.51889/2021-4.2077-6861.02>

4 Орынбаева, Л. К., Таутаева, Г. Б., Кошербаева, А. Н., Алипбек, А. З. Информатизация образовательной среды и виртуальные сообщества как факторы психолого-педагогического воздействия на современного школьника [Электрондық ресурс]. – URL: <https://doi.org/10.51889/2021-4.2077-6861.13>

5 Омарова, Р. С. Білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында оқушылардың шығармашылық қызығушылығын қалыптастырудың дидактикалық негіздері. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://kzdocs.docdat.com/docs/index-9786.html?page=3>

6 Мовкбаева, З. А., Жолтаева, Г. Н., Оралканова, И. А., Исалиева, С. Т., Хамитова, Д. С. Предпосылки создания образовательного контента для

системы дистанционного образования//Педагогика и психология. – 2018. – № 2(35). – С.89–96 [Электрондық ресурс]. – URL: <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz>

7 **Кобдикова, Ж., Дуйсенов, Т., Дуйсенова, Р., Караев, Е.** Проблемы дистанционного обучения школьников // Педагогика и психология. – 2020. – № 3(44). – С.144–153 [Электрондық ресурс]. – URL: <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz>. DOI: [10.51889/2020-3.2077-6861.18](https://doi.org/10.51889/2020-3.2077-6861.18).

8 **Zhakankyzy, Sh, Sagaliyeva, Zh.** «Conditions of the use of digital learning elements in the training of the pedagogical process» // «Университет – территория опережающего развития : Сборник научных статей, посвященный 80-летию Гроденского государственного университета им. Янки Купалы, 2020. – 257-260 с. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://elib.grsu.by/doc/61486>

9 **Сағалиева, Ж. және т.б.** Білім беру кеңістігіндегі цифрлық педагогика [Электрондық ресурс]. – URL: [cloud.mail.ru/public/AJio/agfqWUrGw](https://cloud.mail.ru/public/AJio/agfqWUrGw).

10 **Жаканқызы, Ш., Сағалиева, Ж.** «Қазіргі білім беру процесінде цифрлық оқыту элементтерін тиімді пайдаланудың педагогикалық шарттары» // «Ғылым мен білім беруді дамытудың басым бағыттары» Халықаралық ғылыми конференцияның материалдары жинағы, Шымкент қ., 27-28 қазан 2020. – 50–55 б., [Электрондық ресурс]. – URL: <https://kazconf.com/files/archive/8350421.pdf>

## REFERENCES

1 Qazaqstan Respublikasy Ükimetiniñ 2017 jylǵy 12 jeltoqsandaǵy № 827 qaulysymen bekitilgen «Sifrlıyq Qazaqstan» memlekettik baǵdarlamasy [State program «Digital Kazakhstan» approved by the Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 12, 2017 No. 827] [Electronic resource]: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>

2 **Sagaliyeva, J. K. және т.б.** Bilim beru keñistigindegi sifrlıyq pedagogika [Digital pedagogy in the educational space] [Electronic resource]: URL: <https://www.zhezu.kz/index.php/ru/2016-10-30-18-36-35/2020-12-31-10-04-02>

3 **Toleuhanova, A.** Kak pandemiya povliyaet na obrazovanie v Kazahstane i drugih stranah Central’noj Azii? [Pandemic will entail education in Kazakhstan and other countries of Central Asia?] [Electronic resource]: URL: <https://doi.org/10.51889/2021-4.2077-6861.02>.

4 **Orynbaeva, L. K., Tautaeva, G. B., Koshbaeva, A. N., Alipbek, A. Z.** Informatizaciya obrazovatel’noj sredy i virtual’nye soobshchestva kak faktory psihologo-pedagogicheskogo vozdejstviya na sovremennogo shkol’nika [Informatization of the educated system and virtual data of the factor of psychological and pedagogical education on a modern student] [Electronic resource]: URL: <https://doi.org/10.51889/2021-4.2077-6861.13>.

5 **Omarova, R.S.** Bilim berudiñ jaña paradigması jaǵdayında oquşylardıñ sıǵarmaşylyq qyzyǵuşylyǵyn qalyptastyrudıñ didaktikalıq negızderi [Didactic foundations of the formation of creative interest of students in the conditions of a new paradigm of education]. [Electronic resource]: URL: <https://kzdocs.docdat.com/docs/index-9786.html?page=3>

6 **Movkebaeva, Z.A., ZHoltaeva, G. N., Oralkanova, I. A., Isaliev, S. T., Hamitova, D. S.** Predposylki sozdaniya obrazovatel'nogo kontenta dlya sistemy distancionnogo obrazovaniya [It is recommended to create educational content for the distance education system] // Pedagogika i psihologiya. – 2018. – № 2(35). – S.89-96 [Electronic resource]: URL: <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz>

7 **Kobdikova, Zh., Dujsenov, T., Dujsenova, R., Karaev, E.** Problemy distancionnogo obucheniya shkol'nikov [Problems of distance learning for schoolchildren] // Pedagogika i psihologiya. – 2020. – № 3(44). – P. 144–153. [Electronic resource]: URL: <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz>. DOI: 10.51889/2020-3.2077-6861.18.

8 **Zhakankyzy, Sh, Sagaliyeva, Zh.** «Conditions of the use of digital learning elements in the training of the pedagogical process», «Universitet – territoriya operezhayushchego razvitiya: Sbornik nauchnyh statej, posvyashchennyj 80-letiyu Grodenskogo gosudarstvennogo universiteta im. YAnki Kupaly, 2020. – 257-260 s.; [Electronic resource]: URL: <https://elib.grsu.by/doc/61486>

9 **Sagaliyeva, J. jāne t.b.** Bilim beru keñistigindegi sıfırlıq pedagogika [Digital pedagogy in the educational space] [Electronic resource]: URL: [cloud.mail.ru/public/AJio/agfqWUrGw](https://cloud.mail.ru/public/AJio/agfqWUrGw).

10 **Jakanqyzy, S., Sagaliyeva, J.** «Qazırǵı bilim beru prosesinde sıfırlıq oqytu elementterin tiimdi pıdalanudyñ pedagogikalıq şartтары» [Pedagogical conditions for the effective use of elements of digital learning in the modern educational process] «Ǵylym men bilim berudi damytudyñ basym baǵyttarı» Halyqaralyq ǵylymi konferensianıñ materialdary jınaǵy, Şymkent q., 27-28 qazan 2020, 50-55 b., [Electronic resource]: URL: <https://kazconf.com/files/archive/8350421.pdf>

Материал 24.05.23 баспаға түсті.

\*Ж. К. Сағалиева<sup>1</sup>, Б. К. Сақтағанов<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Институт развития детей,  
Республика Казахстан, г. Астана;

<sup>2</sup>Национальная академия образования имени Ы. Алтынсарина,  
Республика Казахстан, г. Астана.

Материал поступил в редакцию 24.05.23.

## **ПРОБЛЕМЫ, УСЛОВИЯ И ВОЗМОЖНОСТИ РАЗВИТИЯ ЛИЧНОСТИ ОБУЧАЮЩЕГОСЯ В ИНФОРМАЦИОННОМ ПРОСТРАНСТВЕ**

*В статье рассматриваются вопросы влияния «цифровое общество» на все сферы жизни современного общественного развития и формирования новых общественных отношений. На современном этапе развития мира деятельность людей переходит на количественный уровень, поскольку возможности получения знаний выстраиваются в соответствии с определенными источниками информации, а именно, мы собираем новую информацию за меньшее количество единиц времени. Переход системы образования к цифровизации свидетельствует о том, что основой развития государственных, политико-экономических, общественных и межличностных отношений станет особая технология в системе конкурентного развития общества и общественных отношений. В данное время образовательная сфера переходит к традиционным формам обучения и воспитания, в информационном пространстве наблюдается «потребительский продукт». Такой процесс цифровизации относительно повлиял на формирование новых компетенций в системе обучения и воспитания, что, в свою очередь, привело к изменению отношения человека к обучению и воспитанию, предоставлению новых условий организации педагогического процесса. В современную систему образования ставился вопрос о внедрении информационно-коммуникационных технологий, отвечающих потребностям и требованиям общества, об изменении и создании нового формата обучения и воспитания, возникала потребность в исследованиях в этом направлении. Тем не менее, исследования в этой области были ограничены. Новизна исследования: учитывая новаторский характер цифровой педагогики, определены теоретические, методологические основы развития личности в информационном пространстве, определены возможности преобразования сферы общего среднего образования, сформулировано развитие личности в информационном пространстве. Практическая значимость: предлагаемые научные знания отражают значимость развития личности обучающегося в информационном пространстве в системе среднего образования.*

*Ключевые слова: информационное пространство, обучающийся, личность, развитие, средняя школа, учителя.*

\*Zh. K. Sagaliyeva<sup>1</sup>, B. K. Saktaganov<sup>2</sup>

<sup>1</sup>RSU «Institute for Children's Development»,

Republic of Kazakhstan, Astana;

<sup>2</sup>National Academy of Education named after Y. Altynsarin,

Republic of Kazakhstan, Astana.

Material received on 24.05.23.

## **PROBLEMS, CONDITIONS AND OPPORTUNITIES FOR THE DEVELOPMENT OF A STUDENT'S PERSONALITY IN THE INFORMATION SPACE**

*The article deals with the issues of the impact of «digital society» on all spheres of life of modern social development and the formation of new social relations. At the present stage of development of the world, people's activities are moving to a quantitative level, since the possibilities for obtaining knowledge are aligned in accordance with certain sources of information, namely, we collect new information in fewer units of time. The transition of the education system to digitalization indicates that the basis for the development of state, political, economic, social and interpersonal relations will be a special technology in the system of competitive development of society and public relations. At present, the educational sphere is moving to traditional forms of education and upbringing, in the information space there is a «consumer product». Such a process of digitalization relatively influenced the formation of new competencies in the system of education and upbringing, which, in turn, led to a change in a person's attitude to education and upbringing, providing new conditions for organizing the pedagogical process. In the modern education system, the question was raised about the introduction of information and communication technologies that meet the needs and requirements of society, about changing and creating a new format of education and education, there was a need for research in this direction. However, research in this area has been limited. The novelty of the research: taking into account the innovative nature of digital pedagogy, the theoretical and methodological foundations of personality development in the information space are determined, the possibilities of transforming the sphere of general secondary education are determined, the development of personality in the information space is formulated. Practical significance: the proposed scientific knowledge reflects the importance of the development of the student's personality in the information space in the system of general secondary education.*

*Keywords: information space, student, personality, development, secondary school, teachers.*

Теруге 24.05.2023 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

7,53 Мб RAM

Шартты баспа табағы 24,7.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исақова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4083

Сдано в набор 24.05.2023 г. Подписано в печать 30.06.2023 г.

Электронное издание

7,53Мб RAM

Усл.п.л. 24,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исақова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4083

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik-pedagogic.tou.edu.kz